

Салтақова Жанат Тоқтарқызының
«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ шежіре жырлары: жанрлық
ерекшеліктері, тарихилығы, поэтикасы (авторлық жырлар негізінде)»
тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста қазақтың шежіре жырлары тұңғыш рет жеке дара қарастырылып, әдебиеттану тұрғысынан жан-жақты зерттелді.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ сөз өнері тарихындағы жанрлардың барлығы да осы уақытқа дейін түп-төркіндері, қалыптасуы, дамуы, поэтикасы тұрғысынан фольклор мен әдебиет мәселелеріне арналған іргелі зерттеулерде жүйеленді, ғылыми бағдарламалар жасалды. Бірақ, қазақ сөз өнеріндегі ұлттық төл тарихымызды нақтылап бейнелейтін кейбір жанрлар зерттеу нысанына алынбай келді. Себебі, кеңестік идеология әдебиеттану, фольклортану ғылымының ұлттық тарихты көркем шығармалардағы деректер арқылы шынайы бейнелеген жанрларды арнайы қарастыруына мүмкіндік бермеді. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет туралы таптық көзқарасқа тәуелді ғылымда әрбір жеке ұлттардың ата-бабаларының ерлік, қаһармандық жолын, әлемдегі барлық халықтармен терезесі тең тарихын анықтауы мүмкін емес еді. Отандық әдебиеттану ғылымында осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына алынбай келген мәселелердің бірі – шежірелік шығармалар. Шежірелік шығармалардың тарихилығы мен жанрлық-стильдік ерекшеліктерін саралау – әдебиеттану ғылымының күн тәртібіндегі аса өзекті мәселелердің бірі.

Шежірелік шығармалар халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық және рухани мәдениетін анықтауда дерекнамалық негіз болып саналады. Қазақ және басқа да туысқан түркі халықтарының тарихнамалық қалыптасу жолы, мәдениет қазыналары шежірелер арқылы анықталады. Қазақ тарихы халықтың жадында сақталған ата-бабалар жолы арқылы танылады. Сондықтан, қазақ сөз өнері мұраларының тарихилық негіздерін саралауда шежіре жырлардың танымдық-тағылымдық маңызын үнемі басты назарымызда ұстаймыз. Бұл зерттеуіміздің ұлттық әдебиет тарихын қарастырудағы өзектілігін дәйектей түседі.

Қазақтың көптеген дарынды ақын-жыраулары кестеленген немесе ауызша тараған қарасөз шежірелерді аңыз-әңгімелерге үйлестіріп, көлемді жыр-дастандарға айналдырды. Олардың эпикалық сипат алуы – жадта тез сақталып, ұзақ уақыт есте қалуына, таралу өрісінің кеңеюіне ықпал етті. Бұл үрдіс әр азаматқа елінің өткен тарихын, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, жалпы рухани болмысын ұмытпауға, ұлттық моралдық-этикалық, құқық тық заңдылықтарды сақтауға мүмкіндік берді. Әсіресе жеті атаға дейін қыз алыспау сияқты тек қазақ халқына тән ұлттық ұстаным ұрпақтан ұрпаққа ұласып, ХХІ ғасырдағы жаһандану кезеңінің жастарына аманат болып отыр. Қазақ әдебиеті тарихында шежіре жырлардың шығу тегі мен дамуын жан-жақты саралап, өзге

халықтардың шежіре жырларымен салыстырылып, жанрлық сипатын анықтау және поэтикалық ерекшеліктерінің алғаш рет арнайы ғылыми-зерттеу нысанына айналуы – тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты: қазақ әдебиетінің қалыптасуы, даму жолындағы шежіре жырлардың зерттелуін, қалыптасуын, жанрлық ерекшелігі мен типологиясын, сонымен қатар поэтикалық сипатын айқындау зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеудің міндеттері: қазақ шежірелері тарихи-деректанулық мақсатта зерттелгенімен, оның жырға айналған үлгілері мақсатты топтастырылып, жүйеленіп, қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының арнайы зерттеу нысаны болған емес. Бұл зерттеу шежіре жырлар бойынша әдебиеттанудағы алғашқы еңбек болғандықтан, мына мәселелерге назар аударылды:

- осы уақытқа дейінгі жарияланған немесе әлі де баспа бетін көрмеген жырларды іздестіру, ғылыми айналымға түсіру, қолжазба үлгілерін араб (қадім, төте), латын жазуларындағы мәтіндерді қазіргі әріпке көшіру, басылымдары мен нұсқаларына тарихи-генетикалық зерттеулер жүргізу.

- диссертацияның бағыт-бағдарына, тақырыптарына қатысты материалдарды ғылым нысанына айналдыру.

- шежіре жырлардың бастауы, қалыптасуы, дамуы, жанрлық сипаты жайындағы осы кезге дейін жарық көрген зерттеу еңбектерін негізге ала отырып, шежіре жырлар тарихи жырлардың бір түрі екендігін дәлелдеу;

- шежіре жырлардың құрылысындағы өмірбаяндық-ғұмырнамалық баяндаулардың әдеби сипатын дәлелдеу, халық әдебиеті үлгілерінің көркемдік қызметін таныту;

- түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүріне назар аударып, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт халықтарының мұраларымен салыстыра зерттеп, жаңаша пайымдаулар жасау;

- халық ақындары шығармаларындағы шежіре жырдың рөлін анықтау;

- бүгінгі күнге дейін зерттеу нысанына айналмағандығын ескере отырып, шежіре жырлардың поэтикасына қатысты салыстырулар жүргізіп, өзіндік түйіндеулер мен тұжырымдар ұсыну;

- шежіре жырлардың ұлттық мәдениеттегі орнын анықтау. «Мәдени код», «ұлттық жад» мәселелеріне тоқтала отырып, шежіре тарқату дәстүрін ежелден келе жатқан рухани мұра ретінде жаңаша пайымдау.

Зерттеудің дереккөздері ретінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорындағы қолжазбалар және соңғы онжылдықтағы фольклорлық экспедиция материалдары, «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2004-2013 жылдары жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығы пайдаланылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Диссертациялық жұмыстың жазылуы барысында айқындалған нәтижелер бойынша төмендегідей негізгі тұжырымдар ұсынылады:

- белгілі бір рудың, жүздің, ұлттың немесе тарихи тұлғаның шығу тегіне байланысты туған тарихи жырлардың бір түрі шежіре жырлар деп аталады;

- шежіре жырлардың басым көпшілігінің авторлары белгілі ақын-жыраулар және олар эпикалық сарында жырланады;

- жырмен жазылған шежірелер қазақ халқымен қатар, башқұрт, қырғыз, қарақалпақ халықтарында кеңінен таралған;

- XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ шежіре жырларының шарықтап даму дәуірі болып табылады;

- халық ақындары шығармашылығында шежіре жырлар желі тартып, дәстүр сабақтастығымен бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда;

- шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік мейлінше сығымдалып, тығыздалып беріледі;

Зерттеу әдістері. Шежіре жырларды қарастыру барысында тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, кешенді зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі.

Зерттеу жұмысын жазу барысында қазақ әдебиеттану ғылымында маңызды ғылыми зерттеулер жүргізген отандық ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынды. Соның ішінде атап айтсақ, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы, Ә.Бөкейханов, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, З.Ахметов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ш.Ыбраев, Б.Әзібаева, А.Сейдімбек, К.І.Матыжанов, М.Мағауин, Б.Рақымов, З.Сейітжанұлы, Т.Әлбеков, Т.Тебегенов, С.Сәкенов сынды т.б. ғалымдардың теориялық ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылды. Сонымен қатар тақырыбымызға қатысты шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне назар аударылып, Н.А.Веселовский, В.М.Жирмунский, В.Я.Пропп, Б.Н.Путилов, Е.М.Мелетинский, Р.Г.Кузеев, К.Райхл, Су Бихай, С.Аттокуров, С.Зәкиров, М.Ахматжанов, М.З.Закиев, Ш.Марджани зерттеулері зерделенді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Отандық әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет шежіре жырлар тақырыбы дербес қарастырылып, оны толық және жүйелі түрде зерттеудің көкейкестілігі дәлелденді. Осы реттегі зерттеудің басты ғылыми жаңалықтары:

- бұл еңбек қазақ шежіре жырлары тақырыбында алғаш зерттеу жұмысы болып табылады;

- тұңғыш рет қазақ шежіре жырларының дамуы мен қалыптасуы, зерттелуінің тарихнамасы жан-жақты зерделенді;

- шежіре жырлар тарихи жырлардың бір түрі екендігі ғылыми түрде тұжырымдалып, «шежіре жырлар» ұғымына түсінік берілді;

- зерттеуге қатысты бірнеше мәтіндер (қазақ, қырғыз, қарақалпақ тіліндегі) алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді;

- қазақ шежіре жырларының басқа ауыз әдебиеті үлгілерімен өзара байланысы айқындалып, жан-жақты пайымдалды;

- шежіре жырлардың мазмұны мен пішіні ерекшеліктері жүйеленіп, алғаш рет әдеби сипаты айқындалды;
- халық ақындары шығармаларындағы шежіре жырдың алатын орны анықталды.
- қазақ шежіре жырлары тарихи жад, ұлттық код контекстінде жан-жақты қарастырылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мен практикалық мәні.

Диссертациялық жұмыста отандық ғалымдардың қазақ шежірелері туралы жасаған тұжырымдары сараланып, басшылыққа алынды. Қазақ шежіре жырларының жанрлық ерекшеліктерімен қатар, басқа Орта Азия халықтарындағы шежіре тарқату дәстүрі айқындалып, талданып, сарапқа салынды. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған филология саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін фольклортанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға қажетті теориялық, практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады. Ауыз әдебиеті саласын зерттеушілер үшін бұл еңбектің бағыт берерлік, ой саларлық үлесі болмақ.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Зерттеу жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ғылыми негіздеріне (гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) сәйкес әзірленді.

Зерттеу жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері: Зерттеу бойынша 7 мақала: соның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 3 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қортындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 133 бет.